# МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДА ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепалды даярлық сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі Әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалған.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылына арналған негізгі міндеттер көрсетілген, олар келесі бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы дамытушы қауіпсіз білім беру, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балаларды оларға қызықты ойын түрінде тәрбиелеу, оқыту және дамыту (шаршатпау) ;
- баланы білім беру қатынастарының толыққанды қатысушысы (субъектісі) деп тану;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарас философиясын қалыптастыру;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіру (қауіпті немесе қауіпсіз іс- әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларды реттеу; баланың жалпы танымдық дамуы);
- халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары мен жағдайын ескеріп, балалар үшін сапалы мектепке дейінгі білім алу үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Тәрбиелеу және оқыту процесін ұйымдасытрудың ерекшеліктері Мектепалды даярлық сыныптары

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап).

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі

– Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс- әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негіздері;
6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған ортамен таныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде карауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастырубойынша міндеттердііске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті(ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердіңауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Бекітемін:
А. Құсайынов НОМ
Директоры м.а.
Сулейменова М.К.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы( шағын орталық)
Аралас топ
Тәрбиеші: аскарова А.А.
Балалардың жасы 4
Жоспардың құрылу кезеңі ____________________

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Денешынықтыру | жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; |
| | Сөйлеудідамыту | тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру |
| | Көркемәдебиет | Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру; |

| | |
|---|---|
| **Математика негіздері** | Жиын.әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру |
| **Қоршағанортаментаныстыру** | баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. |
| **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру.орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; |
| **Суретсалу** | әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету |
| **Мүсіндеу** | Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеу |
| **Жапсыру** | қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. |
| **Музыка** | Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** АҚұсайынов атындағы НОМ жанындағы шағын орталық

**Топ/сынып** ортаңғы топ

**Балалардың жасы** 4 жас

***Жоспардың құрылу кезеңі*** (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы **қыркүйек** айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қыркүйек | Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.<br>Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.<br>Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау; |
| | Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>-дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;<br>Тілдің грамматикалық құрылымы<br>-сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,<br>Байланыстырып сөйлеу:<br>-суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі |

| | | |
|---|---|---|
| | | және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; |
| | Көркем әдебиет | Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға |
| | Математика негіздері | Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету |
| | Қазақ тілі (басқаоқытутілдеріментоптарда) | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақосы сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету.<br>Сөздік қоры: туыстарын (әке, ана, ата, әже, апа және басқалары) білдіретін сөздердің мағынасын, үй тұрмысындағы кейбір заттардың, жемістердің атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:сөз тіркестерін және сөйлеудің байланысты бөліктерін түсінуге үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер). |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; |
| | Құрастыру | Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру |
| | Сурет салу | Заттық сурет салу.<br>Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>1)көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн). |
| | Мүсіндеу | Заттық мүсіндеу:<br>сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана |

| | | |
|---|---|---|
| | | отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |
| | Жапсыру | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;<br>Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру. |
| | Музыка | Музыка тыңдау.<br>түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; |

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** А.Құсайынов атындағы НОМ жанындағы шағын орталық

Топ: аралас топ

**Жоспардың құрылу кезені** : 01-02 қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

**Тәрбиеші: Аскарова А.А.**

| Күнтәртібініңкезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі 01.09.2022 | Жұма 02.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру** | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, қуыршақтар шағын көлік түрлерімен ойындар.<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.<br>Құрастырмалы ойыншықтардықұрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Сөрелерге ойыншықтарды жинау.<br>**Балалармен жеке жұмыс.** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Шаттық шеңбері. «Алақанның жылуы»<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.**(сөйлеуді дамыту)**<br>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Денешынықтыру** | **Музыка** | **Денешынықтыру** | **Денешынықтыру** |
| | | | | Менің қоршаған орта бағытында балаларғатоптың бөлмелерін аралату. Топтағы заттардың атауын атап, таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Кітап орталығына келу, суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>- біздің балабақшаның | Балаларға топтағы өздеріне ұнайтын ойыншықтармен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б<br>**(Сөйлеуді дамыту) (қазақ тілі)**<br>Ойыншықтарды топтастыру, санау және олардың біреуін бөліп көрсету. Түсіне және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аты кандай білесіндер ме?<br>-тобымыздың аты не?<br>Суреттерді көріп бакылау кезінде байланыстырып сөйлеуді дамыту<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | пішініне карай бөлу<br>**(Математика негіздері)**<br>Құрастыру заттарынан ойыншыктарға керсует немесе таңдауы бойынша орындықтар құрастыру<br>**(Құрастыру)** |
| **Серуенге дайындык** | Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттык - ойын жабдыктары мен спорттык құрал-жабдыктарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бакылау **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі кызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | | | | Балаларға балабакша туралы такпак жаттату<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бакшамызғабарамыз.<br>Күнібойыкызыкка,<br>Батамыз да каламыз<br>**(Көркемәдебиет)**<br>Балабакша ауласындағы заттардың пішінін, кай жакта орналасканын атауды, кеңістікті бағдарлауды үйрету.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Ыстык және суык желді ажырата білуді үйрету<br>К/о «Тырналар» | Балабакша ауласында өсетін ағаштар мен гүлдерді көрсету.<br>Шырша мен ағашты ажырата білуін калыптастыру.**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Өсімдіктерді суғаруды көрсетіп,таныстыру<br>К/о «Поезд» |
| **Серуеннен оралу** | Топка оралу кезінде катарға тұруды дағдыландыру. Асыкпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяк киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ( **дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу кимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы баскаәрекеттер)** | | | | Балаларға балабакшаға келетін жолдарды көрсетіп жолдың суретін салуды үйрету**(Сурет салу)**<br>Ермекеаздан топтағыүлкен доптың | Топка есігін қағып конакка коян келеді.<br>Қолында әсем шарлары бар. Балаларға таратып сыйға беріп,бізде коянға сыйлык берейікдеп балалардың калаулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мүсінін жасауды үйрету. **(Мүсіндеу)** Фланелеграф -жабысатын такта бетінде ұсынылған үлгі ойыншық жанына ұқсас ойыншықтарды тауып жапсыруды үйрету .Салыстыру кабылетін дамыту **(Жапсыру)** | бойынша шардың суретін салып, ермексазданшар жасап, немесе дайын кіші тактайшаларға шарларды жапсырып сыйға беруді ұйымдастыру. Жеке жұмыс орындау кабылетін дамыту **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | Топта балаларды екіге бөліп : бірінші топты сурет салуға үйретеміз. Екінші торты пазлдарды құрастыруға үйретеміз | Топта балаларды екіге бөліп : бірінші топты сурет салуға үйретеміз. Екінші торты пазлдарды құрастыруға үйретеміз |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | | Ата-аналармен баланың балабакша бейімделуі жайында сұхбат жүргізу | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру |

**Тәрбиеші**:Аскарова А.А.

**Тексерді:** ____________

Бекітемін:

А.Құсайынов атындағы негізгі орта мектебінің директоры м.а.
Сулейменова М.Қ.__________2022ж

**Балаларына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

| № р/с | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Аралас топ | | |
|---|---|---|---|---|
| | | кіші топ (2 жастан бастап) | орта жас тобы (3 жастан бастап) | ересек жас тобы(4жастан бастап) |
| 1 | Денешынықтыру | 3 | 3 | 3 |
| | Денешынықтыру** | күнсайын | күнсайын | күнсайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күнсайын | күнсайын | күнсайын |
| | Қазақ тілі | - | 1 | 1 |
| | *** | | күнсайын | күнсайын |
| 3 | Сенсорика | күнсайын | 1 | 1 |
| 4 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | күнсайын | күнсайын |
| | Сурет салу | күнсайын | күн сайын | күн сайын |
| | Мүсіндеу | күнсайын | күн сайын | күн сайын |
| | Жапсыру | күнсайын | күнсайын | күнсайын |
| | Құрастыру | күнсайын | күнсайын | күнсайын |
| 6 | Музыка | 1 | 1 | 1 |
| | Музыка*** | күн сайын | күнсайын | күнсайын |
| | Музыка**** | | | |

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген)мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға

Бекітемін:
«А.Құсайынов атындағы НОМ»
КММ директоры м.а.
Сулейменова М.Қ
_______________2022ж

**А. Құсайынов атындағы негізгі орта мектебінің жанындағы шағын орталығы 2022-2023 оқу жылындағы өткізілетін іс-шаралар жоспары**

| | **Жұмыс мазмұны** | **Мерзімі** | **Жауаптылар** |
|---|---|---|---|
| 1<br><br>2 | «Білім күні» мерекесіне арналған ойын-сауық ұйымдастыру және өткізу<br><br>« Сақ болыңдар, балалар!» жол жүру қауіпсіздігіне арналған тақырыпты ұйымдастыру және өткізу. | Қыркүйек | Тәрбиешілер<br><br>Тәрбиешілер |
| 1<br><br>2<br><br>1 | Күз мерекесін ұйымдастыру және өткізу<br><br>Халық ертегілері бойынша қуыршақ театрын ұйымдастыру және өткізу.<br><br>«Тіс щетка патшалығы» атты денсаулық күнін ұйымдастыру және өткізу( ортаңғы топтар) | Қазан<br><br><br><br>Қараша | Тәрбиешілер<br><br>Тәрбиешілер<br><br>Тәрбиешілер |
| 1<br><br>2 | «Тәуелсіздік күні» ертеңгілік.<br><br>«Жаңа жыл» ертеңгілік ұйымдастыру және өткізу. | Желтоқсан | Тәрбиешілер<br><br>Тәрбиешілер |
| 1<br><br>2 | «Қысқы ермек» спорттық ойын-сауық ұйымдастыру және өткізу.<br><br>Байқау ұйымдастыру «Қардан жасалған қысқы құрастырмалар» (ата-аналар мен балалардың біріккен жұмысы). | Қаңтар | Тәрбиешілер<br><br>Тәрбиешілер |
| 1 | « Күлкі бәріңе жарық сыйлайды» атты сурет және фотосурет көрмесін ұйымдастыру. | Ақпан | Тәрбиешілер |
| 1 | Балалар суретінің көрмесі «Менің анамның суреті». | Наурыз | Тәрбиешілер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2<br><br><br>3 | «8 – Наурыз!» әйелдер күніне арналған ертеңгіліктерді ұйымдастыру және өткізу.<br><br>Наурыз – көктем мерекесіне арналған ертеңгіліктерді ұйымдастыру және өткізу. | | Тәрбиешілер<br><br><br>Тәрбиешілер |
| 1 | « Күлкі күні» атты ойын-сауық ұйымдастыру және өткізу. | Сәуір | Тәрбиешілер |
| 1<br><br>2 | ҰОС –Жеңіс күніне арналаған ертеңгілік.<br><br>«Балабақша қош бол!» атты ертеңгілікті ұйымдастыру және өткізу. | Мамыр | Тәрбиешілер<br><br>Тәрбиешілер |
| 1 | « Туған күн» атты ойын-сауық ұйымдастыру және өткізу. | Айына 1 рет | Тәрбиешілер |

Бекітемін:
А.Құсайынов атындағы негізгі
орта мектебінің директоры м.а.
Сулейменова М,Қ. ______
____________________2022ж

**Аралас тобының 2022-2023 оқу жылына**

**арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі**

| **№** | **ұйымдастырылған іс-әрекеті** | **№** | **ұйымдастырылған іс-әрекеті** |
|---|---|---|---|
| **Дүйсенбі** | | **Бейсенбі** | |
| 1 | Дене шынықтыру 1 | 1 | Дене шынықтыру 1 |
| 2 | Сөйлеуді дамыту 1 | 2 | Сөйлеуді дамыту 1 |
| 3 | Сурет салу/Мүсіндеу 0.5 | 3 | Сурет салу/Мүсіндеу/Жапсыру/Құрастыру 1 |
| | Математика негіздері | 4 | Математика негіздері 1 |
| **Сейсенбі** | | **Жұма** | |
| 1 | Дене шынықтыру 1 | 1 | Математика негіздері 1 |
| 2 | Сөйлеуді дамыту 1 | 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет 1 |
| 3 | Қоршаған ортамен таныстыру 1 | 3 | Қазақ тілі/ сенсорика 1 |
| 4 | Математика негіздері 1 | 4 | |
| **Сәрсенбі** | | | |
| 1 | Музыка 1 | | |
| 2 | Сөйлеуді дамыту 1 | | |
| 3 | Көршаған орта 1 | | |
| 4 | Математика негіздері 1 | | |

"Бекітемін "
Мектеп [illegible]
______ [illegible] М.Қ.

**А.Құсайынов атындағы НОМ жанындағы**
**"Айналайын" шағын орталығы**
**Балалар тізімі**
**2022-2023ж.ж.**

| № | ТАӘ | ЖСН | Туған күні | жасы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Алшын Самира Азатқызы | 180603602693 | 03.06.2018 | 4 |
| 2 | Жумадаир Арунай Талғатқызы | 190321601624 | 21.03.2019 | 3 |
| 3 | Серікбол Жансел Саятқызы | 190330604142 | 30.03.2019 | 3 |
| 4 | Айтжан Жамал Жандосқызы | 190706601260 | 06.07.2019 | 3 |
| 5 | Қанат Аружан Асланқызы | 191230605269 | 30.12.2019 | 2 |
| 6 | Қайырбек Сартай Азаматұлы | 200930550641 | 30.09.2020 | 1 |

**Мектеп директоры м.а.**______________ Сулейменова М.Қ.